

полагает отказ от критики, а проявляется в активном поиске точек соприкосновения и возможности выбора.

Таким образом, на основании изученной литературы к пониманию сущности толерантности выявлено следующее: под толерантностью следует понимать качество личности, которое является составляющей гуманистической направленности личности и определяется ее ценностным отношением к окружающим. Оно представляет установку на определенный тип отношений, который проявляется в личностных действиях человека.

В связи с этим можно считать возможным развитие толерантного взаимодействия в студенческом возрасте.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Шиманский М. Выстраивая архитектуру мира и согласия // Казахстанская правда, 2010, №166-167.
- 2 Асмолов А.Г. Солдатова Г.У. Шайгерова Л.А. О смыслах понятия «толерантность» // Век толерантности. – М., 2001.

### ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНДАҒЫ КҮМБЕЗДІ ЕСКЕРТКІШТЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАЛҒАН АТАУЛАР

Макангали Б.К.

Терминология – белгілі бір ғылымның терминердің жүйесі, жиынтығы. Әрбір ғылымда терминология саласы күрделі және маңызды орын алады. Бұл саладағы зерттеулер арқылы сол ғылымда құнды және ізденістерде үлкен нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Қазақ халқындағы жаңа замандағы діни-ғұрыптық ескерткіштерге байланысты басты атаулар: *бейіт, кесене, күмбез, мазар, мола, там, ұйтам, ұйтас*. Бұлардың шығу тегі мен қолдану себебтері көп жағдайда бір-біріне жақын болып келеді. Ал атаулардың қолдану және таралған аймақтары бірдей болмайды. Осылайша Арал-Каспий өңірінде күмбезді мемориалды ескерткіштерді көп жағдайда «там» және «ұйтам» атты терминдерімен атайтын болса, Қазақстанның солтүстік аймақтарда «мазар» атауды қолдануы басым.

3 Воробьева И.В. Феномен толерантности в контексте педагогического взаимодействия: Автореф. – Екатеринбург, 2006.

4 Мириманова М.С. Толерантность как проблема воспитания // Развитие личности. – 2002. – №2.

5 Пугачева Е.А. Формирование толерантности студентов в поликультурной среде вуза: Автореф. – Нижний Новгород, 2008.

#### Түйін

*Мақала философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттердегі «Толеранттылық» ұғымына талдау жасауға арналған. Толеранттылық күрделі, көп компонентті, көп аспектілі феномен ретінде қарастырылады.*

#### Conclusion

*The article is devoted to the concept of "tolerance" in philosophy, psychology and pedagogy. Tolerance is considered as a complex multi-componental, multi-faceted phenomenon.*

**Бейіт** – бұл атау араб тілінен алынғаны айқын. Араб тілінде *بيت* [байтун немесе байт] сөзі «үй, жай» деген мағынаны білдіреді. Қазақ халқы арасында осы термин кең таралған. Әсіресе Қазақстанның оңтүстік пен орталық аймақтарда көп қолданылады. Қазіргі замандағы қазақ тілінде бұл сөз «қорым» («некрополь») мағынаны да береді.

Күмбезді ескерткіштер шығу тегінде тұрғын үйлермен тығыз байланысты. Композиция жағынан екеуіде ұқсас болып келеді. Сонымен қатар, құрылыс материалды қолдануы да бірдей болған. Қазақстан территориясында күмбезді ескерткіштерді салу барысында қыш, күйдірілген және тас кірпіштер кеңінен қолданылды. Сондай-ақ тұрғын жайларды да осы материалдардан тұрғызылған болатын. Ортағасырлық географтар көшпелілердің жерлеу құрылыстарын үйлермен салыстырған болатын. Мысалы,

Гильом де Рубрук қыпшықтар туралы былай жазады: «Они строят также для богачей пирамиды, то есть остроконечные домики, и кое-где я видел большие башни из кирпичей, кое-где каменные дома, хотя камней там и не находится...» [15, 89 б.]. Тастан дөңгелек үйлер, мұналар жасау ғұн, түрік қағанаты кезінде ерекше орын алған. Қыпшақ пен оғыздар төбесінде күмбезді бар ондай дөңгелек тас үйлерді, «дың», «діңгек», «үй тас» деп атаған, ол сөздер қазақ пен түркімен тілдерінде сақталған. Дөңгелекте салған тас үйлер жазды күні отыратын киіз үйге ұқсайды, асты дөңгелек, төбесінде биік еңсесі бар, сырты күмбезденіп, сәулет беріп тұрады. [3, 66 б.].

Күмбезді монументалды ескерткіштер шығуы көшпелілердің «шошала» атты тұрғын ғимараттанпен тығыз байланысты болғанын көптеген ғалымдар тұжырымдайды. [1, 204 б.].

«Бейіт» сөзімен қатар «үй», «жай» мағынасын беретін атаулар арасында «там», «кесене», «үйтам», «үйтас» сияқты терминдер бар. Демек, қазақ халқындағы таралған жаңа замандағы күмбезді монументалды ескерткіштерді атайтын терминдердің жартысынан көбі «үй», «жай» мағынасын беретін атаулар. Бұл жоғарыда айтылған тұжырымның бір дәлелі.

**Кесене** – парсы тілінен алынған термин. كاشانه [кашане] деген сөзден аударма жасаған кезде «үй, жай» мағынаны береді. [14, 325 б.]. Этнограф Диваевтың зерттеулері бойынша «кесене» сөзінің мағынасы «үй», «сарай». [8, 1-136.]. Бұл термин екі жағдайды қолданылады.

Діни-ғұрыптық ескерткіштердің атауларының құрамында «кесене» сөзі келуі. Бұл ономастикалық ерекшелік сирек кездеседі. Солардың бірі Қостанай мен Челябин облыстардың шектесетін жеріндегі «Кесене» мавзолейі немесе оңтүстік Қазақстандағы «Көккесене» және «Ақкесене» ескерткіштерінің атауларында айқын «кесене» сөзі келіп тұр.

«Кесене» термині жие «мавзолей» сөздің синонимі ретінде қолданылады. Термин негізінде кең таралған. Көбінесе қазақ халқы арасында «кесене» атауы осы екінші мағынада қолданыла береді.

Қазақтардан басқа осы терминді көршілес халықтар да қолданады. Осылайша малкардықтарда (балкардықтарда) және қарашай халқында «кешене», қырғыздарда «касана», кабардиндіктерде «чашана», ингуш пен шешен халқында «каши» деп бұл атау кездеседі. [13, 111-112 б.].

«Кесене» терминді «үй» мағынада қолдану қазіргі таңда түрік халқында сақталған. Мавзолейдің және үй мен жайлардың сабақтастығы өте күрделі. Қола ғасырмен мерзімделенетін Арал аймақтағы табылған күмбезді монументалды ескерткіштердің шығу тегін зерттеген Лелеков Л.А. тұжырымы бойыншы мавзолейлердің құрылысы көне индо-арийлық мифологиямен тығыз байланысты. Индоарийлік тайпалардың діни көзқарастардың пайымдауынша әлем структурасы ортақ центрі бар дөңгелек және шаршы фигуралармен сипаттауға болады. Бұның нәтижелері Арал маңындағы мавзолейлердің жалпы композициясында мен жоспарында орын тапты. Индоарийліктер бұл әлемнің кішігірім макеті және формасын мавзолеймен теністірген еді. [10, 7 б.]. Ғасырлар бойы дүниетанымдағы бұл принцип ұрпақтан ұрпаққа мұрагерлік жолмен беріліп отырды. Демек, адамдардың көзқарастарында «үй», «жай» әлемнің кішігірім формасы. Сондықтан осындай дүниетанымдық көзқарастар қазақтың киіз үйіне де байланысты. Киіз үйдегі кеңістік – қазақ дүниетанымының тоғысқан жері. Осында адам дүниеге келеді, үйленеді және соңғы сапарға аттанады. Яғни адамның түздегі тіршілігін қоспағандағы өмірі осында өтеді. Қазақтың дүниетанымдық көзқарастардың арқасында жерлеу орындарда осы өмірдегі тұрғын үйлеріне жақын болу себебінен ескерткіштердің көбісі үй, жайларға қатты ұқсатып жасалынды.

**Күмбез** термині қазақ халқында күмбезді діни-ғұрыптық ескерткіштерді сипаттаған кезде қолданылады. «Күмбез» араб тілінде قبة [куббатун немесе куббаэ] «күмбез (купол), шатыр» мағынаны береді. Сонымен қатар парсы тілінде قبه [қоббе] деп келеді. «Күмбез» деп аударылады. [14, 316 б.].

Ортағасырлық сәулеттік өнерінде құрылыста күмбездерді қолдану кең таралған

еді. Көп діни ғұрыптық ескерткіштердің түрлерінде мешіттерде, медреселерде, сонымен қатар керуен сарайларда және т.б. құрылыстарда төбелер күмбезделеніп салынды.

Көшпелі тірліктің орталығы Сарыарқада исламның кеңінен таралуы XIX ғасырда болды десек қателеспеспіз. Әсіресе, бұл үрдіс XIX ғасырдың екінші жартысында кең етек алады. Қазақ арасында жаппай мұсылмандықтың кең таралуының, әсіресе ру басылар тарапынан қолдау табуының себебі қазақ даласындағы Ресей империясының отарлау саясатымен тікелей байланысты. XIX ғасырды Ресейдің отаршылдық әрекеттері қазақ қоғамының дәстүрлі өмір-тіршілігін өзгертті. Қоғамда болып жатқан өзгерістерді көре білген азаматтар отарлаудың салдарына қарсы арқа сүйер күш ретінде ислам дінің пайдаланады. Ал, ислам дінінің кез-келген жерде таралуына әсер ететін бірден-бір фактор – мешіттің болуы. Мұсылмандықты уағыздаған адамдар бірінші кезекте мешіт салдырған. Мұны Ұлытау өңіріндегі мешіттер мысалынан көре аламыз. [3; 209, 210 б.]. Арқадағы мешіттердің арасында Дулығалы, Жакуда, Қонысбай және т.б. ғимарттар белгілі. Архитектура бойынша төртбұрышты, күмбезді болып салынған. Құрылыс материалдары қыш немесе күйдірілген кірпіш. Яғни, сәулеттік параметрлері бойынша кесенелермен бірдей. Негізгі ажырататын нышан – күмбез. Өңірде және жалпы Қазақстанда мешіттер тек XIX ғасырда салуының себебінен күмбезді ескерткіштердің прототипі деп айтатын дәлел жоқ. Ал аймақтағы көне заманнан күмбездер тек кесенелерде салынатын болған. Демек, діни күмбезді ескерткіштердің басты қолдануы ежелден жерлеу құрылыстарға тән еді.

Жаңа заман дәуірінде барлық ескерткіштердің төбелері күмбезбен жабылған еді. Төбелерді күмбездермен жабу тек діни емес сонымен қатар күнделікті тұратын үйлерде де қолданылды. XIX ғ. дейін шөлейт және шөл жерлерде соның ішінде Түркіменстан жерінде кең таралған. Күмбездер негізінде екі басты түрлері қолданылды. Олар сфералық (киіз үйге ұқсатылған) және пирамидтық конустық («шошала» атты үйлердің төбелеріне ұқсатылған).

Күмбез Қазақстан архитектурасының ажырағысыз бір бөлігі. Әсіресе ғұрыптық сәулет өнерінде жиі қолдануда. Діни-ғұрыптық архитектурада күмбездердің соншалықты көп қолдану себебінен «күмбезді мемориалды ескерткіштер» түсінігі «мавзолей» терминнің синонимы болып кетті.

**Мазар** – араб тілінен аударған кезде «зиарат ететін орын». Бұл сөз *زار* [зааро] етістігінің жіктеу кезінде алынған атау. Көп зерттеушілер бұл терминді «қасиетті орын» деп аударады. Оның себебі бұл дәстүрді исламның таралуымен тығыз байланыстырады. Бірақ бұл дәстүр ешқашан таза исламмен байланысты болмаған. Исламға дейінгі жергілікті халықтарда киелі орындарға бару, табыну, қасиеттеу кең таралған еді. Шынымен да исламның кейінгі кездерде бұл дәстүр мұсылманның күнделікті өмірге сініп кетті. Осыдан дін қаншама зардаб көруде. Ислам лозунгтерін ұстап жаңадан шыққан бірнеше қатар бидағаттар (яғни, діндегі жаңа нәрсе) пайда болды. Олардың арасында «аруақтарға табыну», «әулиелерге сену», «мазарларға кіші қажылық жасау» және т.б. Осы барлық айтылған нанымдар исламға дейінгі көшпелілердің арасында таралған діни-сенімдерден алынған. Қазақ халқы арасында бұл термин кеңінен таралған. Әсіресе солтүстік Қазақстан аймақтарда «мавзолей» сөзінің синонимі ретінде көп қолдануда.

Әулиелерге табыну ғұрпы – мұсылман доктринасында алғашқы кезінінен бастап белгілі бір орынды алған жоқ. Бұл ғұрып халық немесе фольклорды исламның нағыз көрінісі. Қазіргі заман теоретилық концепциялар бойынша халықтық ислам белгілі бір күнделікті болатын ғұрыптарда ерекшелінеді. Әсіресе жерлеу салт-жораларда, өлілер ғұрыпында, қасиетті жерлерге зиарат жасауда көрінеді. [5, 71 б.]. Осындай ислам мен басқа діни сенімдермен араласуы біздің арамызға, сүйегімізге әлі мұсылманшылдықтың қатты сіңіспеуі. Бұл хақты алдыңғы ғасырлардың белгілі ғалым Ш.Ш. Уәлиханов «О мусульманстве в степи» атты мақалада айтқан еді. Ш.Ш. Уәлиханов: *«мұсылмандық әзірше біздің сүйегіміз бен қанымызға сіңіп бола қойған жоқ. Ол бізге келешекте халықты ыдырату қаупін төң-*

дiрмек. *Қазақтардың арасында әлi Мұхаммедтің атында бiлмейтiндер көп және бiздiң бақсыларымыз қырдың көп жерлерiнде өздерiнiң мәнiн жоғалта қойған жоқ. Нестор заманында Русьта болғаны сияқты, ендi бiздiң сахарада қазiр қос дiн дәуiрi болып тұр» [7, 71 б.] – десе, ХIХ ғасырда қазақ этнографиясы мен тарихын жазған А.И. Левшин қазақтардың дiни ахуалын анықтауда келесiдей мысал келтiредi: «Какой вы веры?» - спросил я однажды двух киргиз-казахов. «Не знаем», – отвечали они. Ответ сей услышали от большей части их соотечественников. И в самом деле, трудно решить, что такое киргизы - магометане, манихейни или язычники?» [9, 313 б.].*

Қазақ халқы арасында исламның таралуын зерттеушi ғалым Мустафина Р.М. дiни-ғұрыптық ескерткiштерге жасаланатын «зиарат» дәстүрiн былайша түсiндiредi. Бұл дәстүр алғашқы таза ислам дiнiнiң рухына қарсы келедi. Дәстүрдiң шағуы ең бастысы жергiлiктi исламға дейiнгi дiни-сенiмдердiң ықпалымен байланысты. Зиараттың мен исламға дейiнгi немесе исламға қатысы жоқ нанымдармен араласуы тұрмыстық исламның айқын көрiнiсi. [12, 31 б.].

Жерлеу орындарды қасиеттеу ғұрпы ортағасырларда пайда болғаны туралы араб тарихшылардың қолжазбаларында табуға болады. Академик Бартольд В.В. сұрыптаған мәлiметтер бойынша ортағасырларда Орталық Азияда жергiлiктi халықтар өзiнiң исламға дейiнгi қасиеттi және киелi жерлерде мазарларды салуды қолға алған болатын. Әсiресе шиiттердiң арасында бұл әдет қатты таралуын тапты. Осылайша қазiргi тандағы Ауғанстандғы Мазари-Шерифтi айтуға болады. [4, 129 б.]. Сондай-ақ Самарқандағы Мазари-Шах кесенесi де жергелiктi басшылардың қолдауымен зиарат жасалатын орынға тез айналды. [4, 142 б.]. Араб тарихшылары Ал-Гарнати, Якуби және тағы басқалардың мәлеметтерi бойынша ортағасырларда халифатта адасқан дiни ағымдардың арқасында дiнде көптеген исламның ақыдасына (яғни, доктринасына) қарсы ғұрыптар пайда болды. Осының нәтижесi қазiргi кезде халқымыздың арасында толып кеткен ғұрыптардың қатты сiнiп кетуi.

**Мола** – қазақ тiлiнде «бейiт, қабiр» мағынаны бередi. Бұл терминнiң шығуы зерттеушiлермен дәл анықталмаған. ХIХ ғ. өмiр сүрген белгiлi қазақ этнографы Ш.Ш. Уәлиханов осы термин осылайша түсiндiредi: «Мола» – неопределенное название, под этим именем смешиваются и древняя и новая могила, но по преимуществу молой называется простая, неизысканная насыпь, куча щебня...» [6] Демек, қазақ тiлiндегi мола сөзiнiң басты түсiндiрмесi қабiрдiң үстiне үйiлген жер» болу керек. Ал екiншi түсiндiрмесi «қабiрдiң үстiне тұрғызылған ескерткiш» деп тұжырымдаймыз.

**Там** – терминi көне түркi тiлiнен шыққан болса керек. Атау Батыс Қазақстанда Арал-Каспий өнiрiнде кеңiнен қолдануда. «Диуан Луғат ат-Түрiк» (Түркi сөздерiнiң жинағы) атты ортағасырлық шығармада «там» сөзiнiң аудармасы «дуал», «қабырғасы» деп берiлген. [11, 857 б.].

Қазiргi замандағы қазақ тiлiнде «там» сөзi екi мағынаны бередi. Бiрiншiсi «үй, жай, баспана». Яғни, бұл атаумен белгiлi бiр құрылыс материалдардан тұрғызылған адамдарға өмiр сүруге қолайлы ғимаратты атайды. Қазақтың мақалы «сарт байыса, там салады» жоғарыда айтылған сөздердiң дәлелi болып келедi. Бұл мақалда «там» сөзi «үй» мағынаны берiп отыр. Бiрақ сонымен қатар кейбiр зерттеушiлер «там» сөздi осындай мағынада қолдануы географиялық ерекшелiктермен байланысты болғанын тұжырымдаған. Мысалы, С. Аманжоловтың зерттеуi бойынша «там» сөзiнiң «үй, жай» мағынада келуi диалектiлiк деп есептеген. [16, 199 б.]. Бұл тұжырымның дәлелi өте әлсiз деп айтуға болады. Көптеген этнографиялық зерттеулер нәтижесiнде «там» сөзiнiң «үй, жай» мағынада қолдануы көне заманнан келiп түр деп есептеуге негiз бередi. С.Е. Ажигалидiң зерттеуi бойынша «там» сөзiнiң түпкi мағынасы «адамның өмiр сүруге қолайлы құрылыс». Негiзiнен кiрпiштен, кейде тастан салынған болатын. Осындай мағынада «там» сөздi қолдануы тек қазақтарда емес басқа да түркi тiлдес халықтарда сақталған. Мысалы, түркiмендерде «гүмбезли там», қырғыздарда «там», «там үй» және т.б. [2, 224 б.].

Бұл сөздің екінші мағынасы «монументалды мемориалды діни-ғұрыптық құрылыс». Осындай мағынада «там» сөзді қолдану Арал-Каспий өңіріне тән. Тарихи-географиялық себептерге сай бұл өңірлерде кірпіштен және тастан салынған тұрғын ғимартар сирек кездеседі. Сондықтан «там» сөзі «мавзолей» терминнің синонимі ретінде кеңінен қолданыс тапты.

Арал-Каспий өңірінен тыс «там» термині өте сирек қолдануда. Көп жағдайда белгілі бір атаудың құрамында кездеседі. Мысалы, Ақмола облысының «Қызылтам» атты монументалды ғимарттың атауында «там» сөзі келіп тұр. Сонымен қатар, «там» сөзі күмбезсіз монументалды мемориалды құрылыстардың атау терминдерде көп қолданады. Мысалы, қазақтың «сағынатам», «керегетам», «төртқұлақтытам» атты монументалды қоршаулардың атауларында «там» сөзі келіп тұр.

**Ұйтам** – бұл терминнің қолдануы Арал-Каспий өңірімен тығыз байланысты. Әдетте аймақта «ұйтам» деп қыш кірпіштен салынған киіз үйге ұқсас монументалды діни-ғұрыптық ғимарттарды атайды. Қазіргі заман қазақ тілінің заңдылықтарына сай бұл сөзді талқылаған жағдайда «ұйтам» термині екі сөзден құрылғанын байқаймыз. «Ұй» және «там» сөздерінен құрылған. Біріншісі сөзінің мағынасы түсінікті болса, екінші сөзді жоғарыда айтылған екі мағынада қолдануға болады. Яғни, «ұй-ұй» немесе «ұй-мавзолей». Бұл жағдайда «өлілердің тұрғын жайы» мағынаға жақын келеді.

Ал енді «ұйтам» сөзді көне түрік тілі арқылы қарастыратын болсақ. Махмуд әл-Қашғаридың «Диуан Луғат ат-Түрік» сөздігінде «ұй» сөзі «үйілген» мағынаны береді. Сонда «там» сөзінің аудармасы «дуал, қабырға» болса, екі сөздің аудармасы немесе мағынасы «үйілген дуал, қабырға» болады. [11, 857 б.]. Демек, «үйілген дуал, қабырға» жалпы мағынада белгілі ғимараттың сипаттамасы болып табылады.

Ұйтас – термині жалпы мемориалды діни-ғұрыптық құрылыстарды сипаттаған кезде аз қолданатын атау. Қазақ тілінде атау «тастан салынған үй, жай» мағынасын береді. Яғни, «ұй» және «тас» екі сөздің қосылуынан құрылған атау. Сонымен қатар жоға-

рыда айтылған «тастан салынған үй, жай» мағынасы Қазақстандағы кейбір құрылыстардың атауларында кездеседі. Мысалы, Жезқазған (қазіргі Қарағанды) облысындағы Тасүй, Ұйтас, Қосүйтас сияқты ескерткіштерді айтуға болады.

Егер «ұй» сөзді көне түрік тіліндегі мағынада алсақ, онда «үйілген тас» мағынаны береді. Бұл мағына бірінші айтылған тұжырымға қайшы келмейді. Өйткені, тасты үй мен жайларға және сонымен қатар жерлеу құрылыстарға үюге болады.

Термин Сарыарқадағы ортағасырлық құрылыстарға кеңінен қолдануда. «Дың» мен «ұйтас» атты діни-ғұрыптық құрылыстар киіз үйге және шошала тұрғын ғимарттарға ұқсас. Сондықтан атаулардың көбісі үй, жайлармен байланысты. Осылайша дыңдердің «үй тас», «үй там», «қос там», «қос ұйтас» және т.б. атаулары кеңінен кездеседі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Агапов П., Кадырбаев М. Сокровища Древнего Казахстана. – Алматы, 1979.
- 2 Ажигали С.Е. Архитектура кочевников. – Алматы, 2002.
- 3 Аршабеков Т.Т., Жұмабеков Ж.А., Төлеуов Т.С. Ұлытау-Нұра өңірінің тарихи-мәдени ескерткіштері. – Қарағанды, 2007.
- 4 Бартольд В.В. Сборник сочинений в 9 томах. – Том 1. – М., 1963.
- 5 Белич И.В., Селезнев А.Г., Селезнева И.А. Этнод о сибирском исламе: к проблеме культа святых // Интеграция археологических и этнографических исследований. – Омск, 2004.
- 6 Валиханов Ч.Ч. О киргиз-кайсацких могилах (молах) и древностях вообще // Собр. соч.: В 5 томах. – Алматы, 1964. – Т.3.
- 7 Валиханов Ч.Ч. Собр. соч.: В пяти томах. – Алматы, 1985. – Т.4.
- 8 Диваев А.А. О значении названия «Кок-кесене» (историко-археологическая заметка) // ПТКЛА. – Ташкент, 1909. 13-й.
- 9 Левшин А.И. Описание киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы, 1996.
- 10 Лелеков Л.А. Отражение некоторых мифологических воззрений в архитектуре восточноиранских народов в первой половине I тысячелетия до н.э. // История и культура народов Средней Азии (древность и средние

века) / Под ред. Б.Г. Гафурова и Б.А.Литвинского. – М., 1972.

11 Махмуд аль-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк – Алматы, 2005.

12 Мустафина Р.М. Бытовой ислам у казахов (19-20 вв.): Автореф. дисс... д-ра истор.наук. – Алматы, 2006.

13 Нечаева Л.Г. О мавзолеях Северного Кавказа // Материальная культура и хозяйство народов Кавказа, Средней Азии и Казахстана. СМАЭ. – Т 34.

14 Персидско-казахский словарь / Составитель И. Жеменей. – Алматы, 2003.

15 Плано Карпини и Гельом де Рубрук. Путешествие в восточные страны. – Алматы, 1993.

16 Семби М.К. К изучению «архитектурной» ономастики Казахстана // История и культура Арало-Каспия: Сбор. статей. – Алматы, 2001.

### Резюме

*В данной статье рассматриваются основные термины, связанные с купольно-погребальными сооружениями казахов 18-19 веков на территории Казахстана. Описываются их происхождение, ареал и степень употребления среди казахского населения, а также другие вопросы и проблемы, связанные с терминологическим аппаратом архитектуры кочевников Казахстана.*

### Conclusion

*This article discusses the basic terminology associated with the dome-burial facilities Kazakhs 18-19 centuries on the territory of Kazakhstan. Describes the origin, distribution and extent of use among the Kazakh population. As well as other issues and problems related to terminological architecture nomads of Kazakhstan.*

## СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ ПРОГРАММЫ «ДОРОЖНАЯ КАРТА»

Назмутдинова В.Р.

Программа «Дорожная карта» стала одним из элементов антикризисных мер казахстанского правительства. Программа не только оказала существенную помощь самым уязвимым слоям экономически активного населения Казахстана, но и, по сути, поставила перед правительством вопрос о необходимости изменения политики социальной защиты населения.

Впервые программа «Дорожная карта» появилась 80 лет назад в США. Она должна была, по мнению американских властей, преодолеть экономический кризис, помочь избежать социальных потрясений в обществе и приостановить распространение массовой безработицы [1].

В ситуации экономического кризиса американский президент Ф. Рузвельт начал проводить политику серьезного государственного вмешательства в экономику, что было для рыночных отношений того времени в новинку. Создавались «трудовые лагеря», в которые направлялись безработные (а их армия составляла порядка 12 млн.

человек). Они занимались строительством и ремонтом дорог, мостов, расчисткой русел рек и т. д. Для проведения в жизнь «Нового курса» Рузвельту понадобилось активизировать огромную сумму денег. И одна из причин успеха заключалась в том, что эти средства у него были. В этом еще одно сходство с текущей ситуацией, когда под рукой у Правительства оказались деньги Национального фонда, откладываясь на «черный день», ждать который пришлось недолго. Точно так же, как «Новый курс» вывел Американские Штаты из экономического упадка, «Дорожная карта» должна была, по замыслу ее создателей, вывести страну из лабиринта кризиса.

Спецификой нашей модели «Дорожной карты» стало то, что направлена она была на самые незащищенные слои населения. На тех, кто должен был лишиться работы в первую очередь, – неспециалистов, у которых никакого выбора в плане работы не было.